

Ақсу қаласында ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін 2019 жылға жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2019 жылғы 18 сәуірдегі № 272/3 қаулысы. Павлодар облысының Эділет департаментінде 2019 жылғы 19 сәуірде № 6310 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабы 9) тармақшасына сәйкес, Ақсу қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу қаласының үйымдарында үйымдастыру-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан, кәмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақсу қаласы әкімінің орынбасары Б.М. Каппасовқа жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Б. Ыбыраев

Ақсу қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 18 сәуірдегі
№ 272/3 қаулысына
қосымша

**Ақсу қаласында ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған
немесе**

**ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйымдарының түлектері
болып**

**табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін
2019 жылға жұмыс орындарының квотасы**

p/ с №	Кесіпорындардың, үйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Белгіленген квотаның мөлшері %.	Жұмыс орындар саны (адам)
1	2	3	4	5

1.	"Казхром" Трансұлттық компания" Акционерлік қоғамының филиалы-Ақсу ферроқорытпа зауыты"	6592	1	66
2.	"Еуроазиаттық энергетикалық корпорация" акционерлік қоғамы	2015	1	20
3.	Ақсу қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақсу су арнасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	296	1	3
4.	Павлодар обласының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы ұлгідегі Ақсу арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	155	1	3
5.	Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сактау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақсу қаласының қалалық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	829	1	8
6.	Ақсу қаласы әкімдігінің, "Ақсу қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Теплосервис - Ақсу" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	103	1	1
7.	"Уштерек и К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	110	1	1
8.	"Еуразия" Медициналық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Ақсу филиалы	287	1	3
9.	"Монтажно-Ремонтное предприятие "Гарант-Сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	142	1	1
10	"AksuTransLogistic" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	128	1	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК